

Банктік емес сектордың 2012 жылғы 1 сәуірдегі ағымдағы жағдайы

2012 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша республикамызда банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензиясы бар 13 ұйым, оның ішінде 4 ипотекалық ұйым тіркелді.

№	Ұйымдардың атауы	01.01.2012	01.04.2012
1	Ипотекалық ұйымдар	4	4
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар	10	9
	оның ішінде брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар	1	-
	Жиынтығы	14	13


Ипотекалық ұйымдар

Активтер. Ипотекалық ұйымдар активтерінің жиынтық мөлшері 2012 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 99,7 млрд. теңгені құрады, бұл 2012 жылғы 1 қаңтардағы көрсеткіштен 1,3 млрд. теңгеге немесе 1,3%-ға көп.


Ипотекалық ұйымдар активтерінің жалпы сомасындағы маңызды үлесті заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар 59,1%-ды (58,9 млрд. теңгені) құрап отыр, ал бағалы қағаздар үлесіне – 24,2% (24,1 млрд. теңге), банктердегі ағымдағы шоттарға – 7,1% (7,1 млрд. теңге), басқа банктерде орналастырылған салымдарға –8,5% (8,5 млрд. теңге) келіп отыр.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы	01.01.2012		01.04.2012		Өсімі, %-бен
	млрд. теңге	жиынтығын а %-бен	млрд. теңге	жиынтығын а %-бен	
Ағымдағы шоттар	3,8	3,8	7,1	7,1	86,8
Бағалы қағаздар	23,0	23,4	24,1	24,2	4,8
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	10,7	10,9	8,5	8,5	-20,6
Клиенттерге берілген заемдар	60,2	61,2	58,9	59,1	-2,2
Негізгі қаражат және материалдық емес активтер	4,0	4,1	4,3	4,3	7,5
Клиенттерге ҚҰХС талаптары бойынша берілген заемдар және қаржы лизингі бойынша резервтер (провизиялар)	-4,4	-4,5	-4,1	-4,1	-6,8
Басқа активтер	1,1	1,1	0,9	0,9	-18,2
Активтердің барлығы	98,4	100	99,7	100	1,3

01.01.2012 жылғы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің құрылымы (%)



01.04.2012 жылғы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің құрылымы (%)




Кредиттік портфель. 2012 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несиелік портфелі 58,9 млрд. теңгені құрады, бұл ағымдағы жылдың басындағы көрсеткіштен 1,3 млрд. теңгеге немесе 2,2%-ға төмен.

Ипотекалық ұйымдардың кредиттік портфелі құрылымының сапасын талдайтын болсақ, стандартты кредиттер үлесінің азайғаны байқалады. Мәселен, 2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесі 85,9%, ал 2012 жылғы 1 сәуірде – 85,2% болды. Күмәнді кредиттердің үлесі 6,8%-дан 7,3%-ға дейін артты. Үмітсіз заемдардың үлесі есепті күнге 7,5%-ды құрағанын атап айтқан жөн.

Клиенттерге берілген, есепті күнге уәкілетті органның талаптары бойынша құрылған заемдар және қаржылық лизинг бойынша резервтер (провизиялар) 5,4 млрд. теңгені құрады, 2012 жылдың басындағы көрсеткіштен 0,3 млрд. теңгеге немесе 5,3%-ға төмен.

Несие портфелі сапасының динамикасы	01.01.2012		01.04.2012	
	негізгі борыш сомасы, млрд. теңге	жиынтығы % -бен	негізгі борыш сомасы, млрд. теңге	жиынтығы % -бен
Несие портфелі барлығы	60,2	100	58,9	100
Стандартты	51,7	85,9	50,2	85,2
Күмәнді	4,1	6,8	4,3	7,3
<i>1-санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	0,4	0,7	0,4	0,7
<i>2-санатты күмәнді</i> – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	0,2	0,3	0,6	1,0
<i>3-санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	0,1	0,2	0,5	0,8
<i>4-санатты күмәнді</i> - төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	1,8	3,0	2,1	3,6
<i>5-санатты күмәнді</i>	1,6	2,6	0,7	1,2
Үмітсіз	4,4	7,3	4,4	7,5

Ипотекалық ұйымдардың несиелік портфелінің өзгеру динамикасы, млрд. теңге




2012 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несиелік портфеліндегі ең көп үлеске «Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ ие болды – 98,1%.


Міндеттемелер. Ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің жиынтық мөлшері 2012 жылдың басындағы деректермен салыстырғанда 1,6 млрд. теңгеге немесе 2%-ға көбейіп, 2012 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 81,3 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте Ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің құрылымында айналысқа шығарылған бағалы қағаздар көп (67,5%).

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	01.01.2012		01.04.2012		Өсімі, %-бен
	млрд. тенге	жиынтығы на %-бен	млрд. тенге	жиынтығына %-бен	
Алынған заемдар	23,8	29,8	23,7	29,2	-0,4
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	54,5	68,4	54,9	67,5	0,7
Басқа кредиторлар	0,3	0,4	0,2	0,2	-33,3
Басқа міндеттемелер	1,1	1,4	2,5	3,1	2,3 есе
Міндеттемелердің барлығы	79,7	100	81,3	100	2,0

01.01.2012 жылғы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің құрылымы (%)



01.04.2012 жылғы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар міндеттемелерінің құрылымы (%)




Кірістілік. Ипотекалық ұйымдар 2012 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 0,2 млрд. теңге мөлшерінде шығын алды. Кірістердің жиынтық мөлшері есепті күнге 2,8 млрд. теңге (2011 жылғы 1 сәуірде – 4,2 млрд. теңге) болды, шығыстардың жиынтық мөлшері – 3 млрд. теңге (2011 жылғы 1 сәуірде – 4,8 млрд. теңге) болды.

Ипотекалық ұйымдардың кірістілігі, млрд теңгемен	01.04.2011	01.04.2012	Өсімі, %-бен
Сыйақы алумен байланысты кірістер	2,4	2,0	-16,7
Сыйақы төлеумен байланысты шығыстар	2,3	2,3	-
Сыйақы алумен байланысты емес кірістер	1,8	0,8	-55,6
Сыйақы төлеумен байланысты емес шығыстар	2,5	0,7	-72,0

Пайыздық кірістер құрылымында банктің клиенттерге қоятын талаптары бойынша сыйақы алумен байланысты кірістер (50% немесе 1,4 млрд. теңге), ал пайыздық шығыстар құрылымында бағалы қағаздар бойынша сыйақы төлеумен байланысты шығыстар (63,3% немесе 1,9 млрд. теңге) біршама көп үлес алады.

Ипотекалық ұйымдардың кірістері (шығыстары), млрд. теңгемен



Ипотекалық ұйымдардың балансы бойынша меншікті капиталы 2012 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 18,4 млрд. теңге болды, бұл 2012 жылғы 1 қаңтардағы көрсеткіштен 0,3 млрд. теңгеге аз.

Меншікті капиталдың жеткіліктілігі	01.01.2012	01.04.2012
Төленген жарғылық капитал (оның ішінде қосымша капитал), млрд. теңгемен	29,0	29,0
Есептелген меншікті капитал, млрд. теңгемен	17,3	17,0
Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті ($k_1 \geq 0,06$)	0,178	0,173
Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті ($k_1 - 2 \geq 0,06$)	0,204	0,202
Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті ($k_1 - 3 \geq 0,12$)	0,204	0,202

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар

Активтер. 2012 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың жиынтықты активтері 2012 жылғы 1 қаңтардағы деректермен салыстырғанда 5,6%-ға ұлғайып, 554,8 млрд. теңгені құрады.

Банктік емес ұйымдар активтерінің құрылымында заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар – 27,5% (152,9 млрд. теңгені), дебиторлық берешек – 12,6% (69,7 млрд. теңгені), ақша қаражаты және ақша қаражатының эквиваленттері – 12,1% (67,4 млрд. теңгені) құрайды.

Жиынтық активтердің құрылымы млрд. теңгемен	01.01.2012	жиынты ғына %- бен	01.04.2012	жиынты ғына %- бен	Өсімі %- бен
Активтер, оның ішінде:	525,5	100	554,8	100	5,6
Ақша қаражаты және ақша қаражатының эквиваленттері	34,7	6,6	67,4	12,1	94,2
Орналасырылған салымдар	7,2	1,4	4,5	0,8	-37,5
Бағалы қағаздар	10,0	1,9	10,9	2,0	9,0
Берілген заемдар	144,3	27,4	152,9	27,5	6,0
Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар және реттелген борыш	17,5	3,3	18,2	3,3	4,0
Дебиторлық берешек	73,4	14,0	69,7	12,6	-5,0
Басқа активтер	238,4	45,4	231,2	41,7	-3,0

Міндеттемелер. Ұйымның есепті күнгі міндеттемелерінің жиынтықты мөлшері 11,7%-ға артып, 323,6 млрд. теңгені құрады. Ұйым міндеттемелерінің құрылымында алынған заемдар ең көп үлеске ие – 68,1% (220,2 млрд. теңге).

Жиынтық міндеттемелердің құрылымы, млрд. теңгемен	01.01.2012	жиынты ғына %- бен	01.04.2012	жиынты ғына %- бен	Өсімі %- бен
Міндеттемелер, оның ішінде:	289,7	100	323,6	100	11,7
Тартылған салымдар	15,1	5,2	15,6	4,8	3,3
Алынған заемдар	186,8	64,5	220,2	68,1	17,9
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	59,7	20,6	62,1	19,2	4,0
Кредиторлық берешек	11,1	3,8	8,8	2,7	-20,7
Басқа міндеттемелер	17,0	5,9	16,9	5,2	-0,6

Кредиттік портфель. 2012 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша жиынтықты несиелік портфелінің құрылымында стандартты кредиттердің үлесі 55,7%, күмәнді – 30,5% және үмітсіз – 13,8% болады, ал 2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесі 57,5%, күмәнді – 30%, үмітсіз – 12,5% болған.

Капитал. 2012 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар капиталының жиынтықты көлемі 2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша деректерімен салыстырғанда 4,6 млрд. теңгеге азайып, 231,2 млрд. теңгені құрады.

(млрд. теңге)

	01.01.2012	жиынтығына %-бен	01.04.2012	жиынтығына %-бен	Өсімі %-бен
Капитал	235,8	-	231,2		-2,0
Жарғылық капитал	218,2	92,5	218,2	94,4	-
Бөлінбеген пайда (жабылмаған шығын)	-7,7	-	-13,3	-	-